

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2023 жылдың 19 шілдесіндегі
№ 19 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2023 жылдың 19 шілдесінен бастап

қолданысқа енгізілді

Клирингтік қорлардың мөлшерін анықтау ӘДІСТЕМЕСІ

Алматы қ.

2023

Осы Клирингілік қорлардың мөлшерін анықтау және бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне¹, Клирингілік ұйымның тәуекелдерді басқару жүйесіне, клирингілік ұйымдағы тәуекелдерді мониторингтеу, бақылау және басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарға², Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдерді мониторингтеу, бақылау және басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарға³ және "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері (бұдан әрі – Клиринг ережелері) атты ішкі құжатына сәйкес әзірленді және орталық контрагенттің клирингілік сақтық немесе кепілдік қорларының мөлшерін анықтау және бағалау тәртібін белгілейді.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Әдістемеді Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, Клиринг ережелерінде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар пайдаланылады.
2. Әдістеме анықтау және бағалау тәртібі Клиринг ережелерінде және Клиринг орталығының "Клирингілік қатысу сертификаттарын орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу жөніндегі нұсқаулық" атты ішкі құжатында бекітілген мүліктік пулдың кепілдік қорларын қоспағанда, Клиринг орталығы клирингілік қызметін жүзеге асыратын нарықтарда қалыптастырылған клирингілік қорлар (бұдан әрі – клирингілік қорлар) мөлшерінің жеткіліктілігін анықтау және бағалау үшін пайдаланылады.
3. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін анықтау және бағалау клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалауды жүргізу үшін іріктеменің тарихи кезеңі үшін есептік күннен бастап күнтізбелік айдан кешіктірілмейтін мерзімде жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша (бұдан әрі - есептік күн) жүзеге асырылады.
4. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін анықтау және бағалау шеңберінде:
 - 1) Клиринг орталығының орталық контрагент ретінде өз міндеттемелерін орындау қабілетіне әсер ететін неғұрлым елеулі тәуекел факторларын анықтау;
 - 2) клирингілік қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылатын клирингілік кепілдік қорлардың әрбір жеке биржалық нарық – Клиринг қағидаларында анықталған ұғымдарға сәйкес келетін қор нарығы, валюта нарығы және деривативтер нарығы бойынша жеткіліктілігін бағалау;
 - 3) Клиринг орталығының меншікті қаражаты есебінен қалыптастырылатын клирингілік сақтық қорлардың жеткіліктілігін бағалау жүзеге асырылады.
5. Клиринг орталығының орталық контрагент ретінде өз міндеттемелерін орындау қабілетіне әсер ететін неғұрлым елеулі тәуекел-факторларды анықтау Әдістеменің 2 тарауына сәйкес жүзеге асырылады.
6. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін бағалау Әдістеменің 4 тарауына сәйкес жүзеге асырылады.
7. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін бағалау нәтижелері бойынша Клиринг орталығы Клиринг орталығының тәуекелдерін басқаруға бағытталған және өзіне мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін шараларды қолданысқа енгізу туралы шешім қабылдауы мүмкін:

¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген

² Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 ақпанындағы № 59 қаулысымен бекітілген

³ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылдың 28 қаңтарындағы № 11 қаулысымен бекітілген

- 1) клирингілік қатысушыларды маржалық қамтамасыз ету мөлшеріне және/немесе клирингілік қатысушыларды маржалық қамтамасыз етудің шамасын анықтау тәсіліне қойылатын талаптарды ұлғайту;
 - 2) сақтық қорлардың мөлшерін ұлғайту және/немесе сақтық қорлардың мөлшерін бір немесе бірнеше нарықта анықтау тәсілдерін қайта қарау;
 - 3) кепілдік беру қорларына жарналар мөлшерін ұлғайту және/немесе кепілдік беру қорларына жарналар мөлшерін анықтауға тәсілдерді қайта қарау;
 - 4) Клиринг орталығының тәуекелдерін төмендетуге бағытталған өзге де шаралар.
8. Клиринг орталығы Клиринг орталығының Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынымы негізінде қабылданған Клиринг орталығы Басқармасының шешімі негізінде клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезектен тыс бағалауды мынадай жағдайларда жүргізуге құқылы:
- 1) бағалардың құбылмалылығы едәуір ұлғайған және/немесе орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің мәні болып табылатын құралдардың өтімділігі төмендеген кезде;
 - 2) клирингілік қатысушылардың нетто-позицияларының шоғырлануы едәуір ұлғайған кезде;
 - 3) Клиринг орталығы Басқармасының жеке шешімі негізінде өзге де жағдайларда.
9. Орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің мәні болып табылатын бағалардың құбылмалылығын ұлғайту және/немесе құралдардың өтімділігін төмендету және/немесе Әдістеменің 8 тармағында көрсетілген клирингілік қатысушылардың нетто-позицияларының шоғырлануын ұлғайту критерийлері Комитет шешімінің негізінде белгіленеді.
10. Әдістеменің 8 тармағының 1) және 2) тармақшаларында анықталған уақиғалар туындаған кезде клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезектен тыс бағалау үшін іріктемені қалыптастыру көрсетілген шарттар туындаған күннен кейінгі күнгі жағдай бойынша жүзеге асырылады, клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалау Клиринг орталығы Басқармасы жеткіліктілікті кезектен тыс бағалау туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.
11. Әдістеменің 8 тармағының 3) тармақшасында анықталған уақиғалар туындаған кезде клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезектен тыс бағалау Клиринг орталығы Басқармасының жеке шешімінде анықталған күнгі жағдай бойынша жүзеге асырылады.
12. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезектен тыс бағалау клирингілік қорлардың жеткіліктілігін алдыңғы бағалауды жүргізу мерзіміне қарамастан жүргізіледі және келесі кезекті бағалауды жүргізуді болдырмайды.
13. Клирингілік қорлардың мөлшерін бағалау үшін қажетті параметрлерді (бұдан әрі – статистикалық параметрлер) есептеу үшін Клиринг орталығы биржалық нарықтарда белгіленген тәуекел-параметрлер, клирингілік қатысушылар жасайтын мәмілелер, клирингілік қатысушылардың шоттарында қолжетімді қамтамасыз ету туралы ақпаратты, сондай-ақ Клиринг орталығының есептік кезеңнен кейінгі келесі жылдың бірінші күніндегі жағдай бойынша аудиттелген есептілігін пайдаланады.
14. Клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалауды жүргізу кезінде статистикалық параметрлерді бағалау үшін пайдаланылатын базалық іргелі параметрлер:
- 1) бір күнтізбелік жылға тең есепті кезең;
 - 2) әрбір биржалық нарықтағы экстремалдық жағдайларды бағалаудың он жылға тең тарихи кезеңі;
 - 3) кемінде 99 %-ға тең сенім деңгейі болып табылады;
15. Комитет базалық іргелі параметрлерден өзгеше, бірақ Әдістеменің 14 тармағында белгіленгеннен кем емес іргелі параметрлерді белгілей алады.

16. Қаралып отырған кезеңде қажетті деректер болмаған кезде Клиринг орталығы клирингілік қорлардың мөлшерін өзге қолда бар деректер бойынша ұқсас параметрлермен бағалауды жүргізуге құқылы.
17. Есептелетін мәндер математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша дәлдікпен (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін ұлғаяды):
 - 1) статистикалық параметрлер: үтірден кейін екі белгіге дейін;
 - 2) клирингілік қатысушылардың кепілдік қорларға қосымша жарналарының мөлшері, сондай-ақ Клиринг орталығының сақтық қорларға қосымша жарналарының мөлшері: 500 мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

2 тарау. ТӘУЕКЕЛДІҢ НЕҒҰРЛЫМ ЕЛЕУЛІ ФАКТОРЛАРЫН АНЫҚТАУ

18. Клиринг орталығының орталық контрагент ретіндегі өз міндеттемелерін орындау қабілетіне елеулі әсер ететін тәуекелдің нарықтық факторлары (бұдан әрі – тәуекел факторлары) қаржы құралдарының есептік бағаларының өзгеруі болып табылады.
19. Тәуекел-факторларды анықтау:
 - 1) есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша кезекті қайта қарау кезінде;
 - 2) Клиринг орталығы Басқармасының жеке шешімінде анықталған күнгі жағдай бойынша кезектен тыс қайта қарау кезінде тарихи деректер негізінде әрбір жеке биржалық нарықтың қаржы құралдары топтары бөлінісінде жүзеге асырылады.
20. Тәуекел-факторларды анықтау мынадай тәсілдерді ескере отырып жүзеге асырылады:
 - 1) тарихи сценарийлерді анықтау үшін Комитет белгілеген әрбір биржалық нарықтағы экстремалдық жағдайларды бағалаудың тарихи кезеңі үшін тәуекел-факторлардың мәндері туралы деректер пайдаланылады;
 - 2) тарихи сценарийлерді анықтау кезінде клирингілік қорлардың жеткіліктілігіне бағалау жүргізу күніне экономикалық жағдайды ескере отырып, нақты емес болып табылатын экстремалдық жағдайларды бағалаудың тарихи кезеңіндегі оқиғалар көрсетіледі;
 - 3) гипотетикалық сценарийлер тарихи сценарийлер негізінде экстремалдық жағдайларды бағалаудың тарихи кезеңінде орын алған, өзара міндетті түрде өзара байланысты емес жекелеген факторлардың жиынтығы ретінде, сондай-ақ төтенше жағдайларда тәуекел-факторлардың ықтимал өзгерістері туралы өзге де ақпаратты ескере отырып анықталады;
 - 4) сценарийлерді қалыптастыру үшін Тәуекел-параметрлерді анықтау әдістемесіне сәйкес нарықтық тәуекел мөлшерлемелерін анықтау үшін белгіленген тәуекелдерді бағалау көкжиектері ішінде күтілетін нарықтық конъюнктураның өзгеруі нәтижесінде тәуекел-факторлар мәндерінің өзгеруі анықталады;
 - 5) ықтимал көптеген шынайы сценарийлерді бөлу үшін тәуекелдерді бағалау көкжиектерін ескере отырып, гипотетикалық сценарийлердің шекті диапазондары анықталады;
 - 6) тәуекел-факторларды анықтау үшін барлық қаржы құралдары мынадай шарттар сақталған кезде топтар бойынша бөлінеді:
 - қаржы құралын баға белгілеудің әртүрлі валюталары бар қаржы құралдары әртүрлі топтарға жатады;
 - әртүрлі топтарға жататын, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал қаржы құралдары пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал емес өзге қаржы құралдарымен бір топқа біріктірілмейді;
 - шетел валюталары бөлінісінде.
 - 7) қаржы құралдарының топтары ретінде қаржы құралдарын эмитенттер және мынадай түрлері бойынша бөлу пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (бұдан әрі – МБҚ) – талданатын кезеңде Биржаның ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе жергілікті атқарушы органдар шығарған борыштық бағалы қағаздар;
 - халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар (бұдан әрі – ХҚҰ БҚ);
 - мемлекеттік емес бағалы қағаздар (бұдан әрі – МеБҚ) - талданатын кезеңде сауда-саттық ашылған Биржаның ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының эмитенттері шығарған бағалы қағаздар (ХҚҰ БҚ қоспағанда).
21. Базалық іргелі параметрлер негізінде немесе Комитет белгілеген іргелі параметрлер негізінде тәуекел-факторларды анықтау процесінде Комитет тиісті шешім қабылдаған жағдайда әрбір жеке қаржы құралы бойынша іріктемелер қалыптастырылады:

- 1) $T - (T-1)$, және $T - (T-2)$ сауда күндері арасындағы қаржы құралдарының есептік бағаларының салыстырмалы өзгерістері мынадай формула бойынша:

$$\Delta P_T = \max \left\{ \left| \frac{P_T - P_{T-1}}{P_{T-1}} \right|; \left| \frac{P_T - P_{T-2}}{P_{T-2}} \right| \right\},$$

мұнда

ΔP_T – қалыптастырылатын іріктеменің мәні – $T-1$ сауда-саттық күніндегі есептік бағадан T сауда-саттық күніндегі есептік бағаның және $T-2$ сауда-саттық күніндегі есептік бағаның үлестік мәндегі абсолютті өзгеруі;

\max – жақшада көрсетілген мәндердің ең көбін анықтайтын математикалық функция;

P_T – T сауда-саттық күніндегі есептік баға;

P_{T-1} – $T-1$ сауда-саттық күніндегі есептік баға;

P_{T-2} – $T-2$ сауда-саттық күніндегі есептік баға;

- 2) мынадай формула бойынша кірістілік түріндегі есептік бағалардың абсолюттік өзгерістері:

$$\Delta P_T^* = \max \{ |P_T^* - P_{T-1}^*|; |P_T^* - P_{T-2}^*| \},$$

мұнда:

ΔP_T^* – қалыптастырылатын іріктеменің мәні – $T-1$ сауда-саттық күніндегі есептік бағадан T сауда-саттық күніндегі кірістілік түріндегі есептік бағаның және $T-2$ сауда-саттық күніндегі есептік бағаның үлестік мәндегі салыстырмалы өзгеруі;

\max – жақшада көрсетілген мәндердің ең көбін анықтайтын математикалық функция;

P_T^* – T сауда-саттық күніндегі есептік баға;

P_{T-1}^* – $T-1$ сауда-саттық күніндегі есептік баға;

P_{T-2}^* – $T-2$ сауда-саттық күніндегі есептік баға.

22. Әдістеменің 21 тармағына сәйкес алынған іріктемелер негізінде тәуекел-факторлардың ықтимал өзгерістерінің сценарийлері қалыптастырылатын экстремалдық жағдайларды бағалаудың тарихи кезеңіндегі қаржы құралдарының әрбір жеке тобы бойынша ΔP_{\max} есептік бағаларының бір топтың қаржы құралдары арасында ең көп өзгерістері анықталады.
23. Әрбір биржалық нарық үшін бір немесе бірнеше тәуекел-факторлардың тарихи және гипотетикалық өзгерістерін (сценарийлерін) талдау негізінде Клиринг орталығы клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін бағалау үшін пайдаланылатын неғұрлым ықтимал және елеулі сценарийлерді анықтайды.
24. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін кезекті немесе кезектен тыс бағалау кезінде пайдаланылатын сценарийлер Комитеттің шешімімен бекітіледі.

3 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МАКСИМАЛДЫ ОРТАША КҮНДІК ШЫҒЫНДАРЫН АНЫҚТАУ

25. Белгілі бір биржалық нарықтың "жартылай қамтамасыз етумен" санатындағы әрбір клирингілік қатысушы бойынша есепті кезеңдегі әрбір Т есептік күнінің қорытындылары бойынша Әдістеменің 2 тарауына сәйкес қалыптастырылған ΔP_{\max} тәуекел-факторлардың өзгерістер сценарийлерін (бұдан әрі – ΔP_{\max} сценарийі) іске асыру кезінде барлық сауда-клирингілік шоттардағы барлық ашық позициялар және барлық қаржы құралдары бойынша әлеуетті өтелмеген залалдардың жиынтық сомасы мынадай тәртіпке сәйкес есептеледі:

1) әрбір сауда-клирингілік шот үшін мынадай формула бойынша ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезіндегі әлеуетті шығындардың сомасы анықталады:

$$Loss_{T,k,j} = (\Delta P_{\max, \Phi I1} * abs (OP_{\Phi I1,k,j}) + \Delta P_{\max, \Phi I2} * abs (OP_{\Phi I2,k,j}) + \dots + \Delta P_{\max, \Phi Im1} * abs (OP_{\Phi Im1,k,j}))$$

мұнда:

abs – жақшада көрсетілген сандар модулін есептейтін математикалық функция;

$OP_{\Phi I,k,j}$ – Т сауда-саттық күнінің соңындағы жағдай бойынша клирингілік қатысушы бір үлгідегі қаржы құралымен жасалған мәмілелер нәтижесінде пайда болған j-ші сауда-клирингілік шот бойынша бір үлгідегі қаржы құралы бойынша барлық талаптар мен міндеттемелер бойынша k-ші клирингілік қатысушы бойынша ашық нетто-позицияның сомасы;

$\Delta P_{\max, \Phi I}$ – көрсетілген қаржы құралы кіретін топ үшін осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес қалыптастырылған сценарийді іске асыру кезінде қаржы құралы құнының өзгеруі;

k – клирингілік қатысушының реттік нөмірі ;

j – Т есептік күні ашық нетто-позициялары бар сауда-клирингілік шоттың нөмірі.

2) әрбір сауда-клирингілік шот үшін теңгемен көрсетілген ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде енгізілген қамтамасыз ету сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$O_{T,k,j,\Delta P_{\max}} = (1 - \Delta P_{\max, \Phi I1}) \times O_{\Phi I1,k,j} + (1 - \Delta P_{\max, \Phi I2}) \times O_{\Phi I2,k,j} + \dots + (1 - \Delta P_{\max, \Phi Im2}) \times O_{\Phi Im2,k,j},$$

мұнда

$O_{\Phi I,k,j}$ – Т сауда-саттық күнінің соңындағы жағдай бойынша көрсетілген клирингілік қатысушының j-ші сауда-клирингілік шоты бойынша бір үлгідегі қаржы құралындағы k-ші клирингілік қатысушы енгізген қамтамасыз ету сомасы;

3) әрбір сауда-клирингілік шот үшін сценарийлерді іске асыру кезінде әлеуетті өтелмеген залалдардың сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$ULoss_{T,k,j} = \begin{cases} 0, & \text{егер } O_{T,k,\Delta P_{\max}} - Loss_{T,k,j} \geq 0 \\ O_{T,k,\Delta P_{\max}} - Loss_{T,k,j}, & \text{егер } O_{T,k,\Delta P_{\max}} - Loss_{T,k,j} < 0 \end{cases}$$

4) әрбір клирингілік қатысушы үшін оның барлық сауда-клирингілік шоттары бойынша Т сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде әлеуетті өтелмеген залалдардың жиынтық сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$ULoss_{T,k} = ULoss_{T,k,j1} + ULoss_{T,k,j2} + \dots + ULoss_{T,k,jl}.$$

26. Белгілі бір биржалық нарықтың "жартылай қамтамасыз етумен" санатындағы әрбір клирингілік қатысушы үшін есепті кезең үшін ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде әлеуетті өтелмеген залалдардың ең жоғары жиынтық сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ULoss_{max,k} = \max(ULoss_{T1,k}; ULoss_{T2,k}; \dots; ULoss_{Tf,k}),$$

мұнда:

\max – сандық реттіліктің ең үлкен мәнін анықтайтын математикалық функция.

27. Клирингілік қатысушылардың N максималды шығындарының сомасы мынадай алгоритмге сәйкес анықталады:

- 1) клирингілік қатысушылардың "жартылай қамтамасыз етумен" санатындағы барлық іріктемесі бойынша есепті кезеңде ΔP_{max} сценарийлерін іске асыру кезінде әлеуетті өтелмеген залалдардың максималды жиынтық сомасының ең көп мәні бар N клирингілік қатысушылар анықталады;
- 2) N клирингілік қатысушылардың максималды шығындарының сомасы ΔP_{max} сценарийлерін іске асыру кезінде көрсетілген клирингілік қатысушылар бойынша ықтимал өтелмеген залалдардың максималды жиынтық сомасының ең жоғары мәндерінің сомасы ретінде анықталады:

$$ULossN_{max} = ULoss_{max,k1} + ULoss_{max,k2} + \dots + ULoss_{max,kN},$$

мұнда:

N – қаралып отырған нарықтағы шығындар бойынша ірі қатысушылар саны. Клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалау мақсатында көрсетілген параметр әдепкі бойынша екіге тең болып анықталады. Қосымша талдау үшін жүргізілетін талдаудың мақсаттарына байланысты көрсетілген параметрдің өзге мәні белгіленуі мүмкін.

4 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚОРЛАРДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

28. Клирингілік қорлардың жеткіліктілігін бағалауды жүргізу үшін Клиринг орталығы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес анықталған сценарийлер негізінде мынадай негізгі көрсеткіштерді есептеуді жүзеге асырады:

- 1) жекелеген биржалық нарықтар үшін клирингілік қорлардың шығындарын жабу коэффициенті;
- 2) жекелеген биржалық нарықтар үшін көпілдікті қорлардың жеткіліктілік коэффициенті;
- 3) жекелеген биржалық нарықтар үшін сақтық қорлардың жеткіліктілік коэффициенті.

29. Әдістеменің 28 тармағында көзделген негізгі көрсеткіштер мынадай формулаларға сәйкес анықталады:

- 1) клирингілік қорлардың жекелеген биржалық нарықтағы шығындарының коэффициенті:

$$K_{loss} = \frac{ULossN_{max}}{GF+RF},$$

- 2) жекелеген биржалық нарықта клирингілік көпілдік қорының жеткіліктілік коэффициенті:

$$K_{GF} = \frac{GF}{ULossN_{max}},$$

- 3) жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік сақтық қордың жеткіліктілік коэффициенті:

$$K_{RF} = \frac{RF}{ULossN_{max}},$$

мұнда:

$ULossN_{max}$ – жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік қатысушылардың N максималды шығындарының сомасы;

GF – есептік күнге қалыптастырылған жекелеген биржалық нарықтағы

клирингілік кепілдік қоры;

RF – есептік күнге қалыптастырылған жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік сақтық қор.

30. Есептік күнгі жағдай бойынша жекелеген биржалық нарықта қалыптастырылған клирингілік қорлар көрсетілген биржалық нарықтағы клирингілік қорлардың шығындар коэффициенті 1 (бірден) аспайтын шаманы құрайтын жағдайда жеткілікті деп танылады.
31. Жекелеген биржалық нарықта клирингілік қорлардың шығындарын жабу коэффициенті есептік күнгі жағдай бойынша 1 (бір) мәнінен асқан жағдайда:
 - 1) жекелеген биржалық нарықта қалыптастырылған клирингілік қорлардың шамасы есептік күнгі жағдай бойынша жеткіліксіз деп танылады;
 - 2) клирингілік қорларды мынадай көздердің біреуі немесе бірнешеуі есебінен толықтыру талап етіледі:
 - клирингілік қатысушылардың көрсетілген биржалық нарықтың кепілдік қорына қосымша жарналары;
 - Клиринг орталығының меншікті қаражаты есебінен көрсетілген биржалық нарықтың сақтық қорын толықтыру.
32. Клирингілік қорларды толықтыру көздерін анықтау үшін кепілдік қорлардың жеткіліктілік коэффициентін және көрсетілген биржалық нарық үшін сақтық қорлардың жеткіліктілік коэффициентін есептеу жүзеге асырылады.
33. Жекелеген биржалық нарық үшін кепілдікті қорлардың жеткіліктілік коэффициентінің және сақтық қорлардың жеткіліктілік коэффициентінің талап етілетін мәндері көрсетілген биржалық нарықтағы жиынтық клирингілік қорларда Клиринг орталығы Басқармасы белгілейтін кепілдік және сақтық қорлардың үлестерін негізге ала отырып мынадай формулалар бойынша анықталады:

$$W_{GF} = 1 - W_{\text{market}_i},$$

$$W_{RF} = W_{\text{Market}_i},$$

мұнда:

W_{Market_i} – көрсетілген биржалық нарықтағы жиынтық клирингілік қорлардағы сақтық қордың үлесі Басқарма шешімінің негізінде 0.08-ден 0.5-ке дейінгі ауқымда белгіленеді;

34. Жекелеген биржалық нарықта қалыптастырылған кепілдікті қорлардың шамасы көрсетілген биржалық нарықтағы кепілдікті қорлардың жеткіліктілік коэффициенті көрсетілген биржалық нарықтағы кепілдікті қорлардың жеткіліктілік коэффициентінің талап етілетін мәнінен төмен емес шаманы құрайтын жағдайда жеткілікті деп танылады.
35. Клирингілік қатысушылардың көрсетілген биржалық нарықтың кепілдік қорына қосымша жарналар енгізуге қажеттілігі кепілдік қорларының жеткіліктілігі коэффициентінің талап етілетін мәні көрсетілген биржалық нарықтағы кепілдік қорларының жеткіліктілік коэффициентінің есептік мәнінен асып кеткен жағдайда туындайды.
36. Жекелеген биржалық нарықта қалыптастырылған сақтық қорлардың шамасы көрсетілген биржалық нарықтағы сақтық қорлардың жеткіліктілік коэффициенті көрсетілген биржалық нарықтағы сақтық қорлардың жеткіліктілік коэффициентінің талап етілетін мәнінен төмен емес шаманы құраған жағдайда жеткілікті деп танылады.
37. Клиринг орталығының меншікті қаражаты есебінен көрсетілген биржалық нарықтың сақтық қорын толықтыру қажеттілігі сақтық қорлардың жеткіліктілігі коэффициентінің талап етілетін мәні көрсетілген биржалық нарықтағы сақтық қорлардың жеткіліктілік коэффициентінің есептік мәнінен асып кеткен жағдайда туындайды.
38. Клирингілік қатысушылардың кепілдік беру қорына қосымша жарналарының сомасы, сондай-ақ Клиринг орталығы сақтық қорға өз қаражатының қосымша жарнасының сомасы осы Әдістеменің 5 тарауына сәйкес анықталады.

5 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚОРЛАРҒА ҚОСЫМША ЖАРНАЛАР МӨЛШЕРІН ЕСЕПТЕУ

39. Клирингілік қатысушылардың белгілі бір биржалық нарықтың кепілдік қорына енгізуі талап етілетін клирингілік қатысушылардың қосымша жарналарының мөлшері мынадай реттілікпен анықталады:

1) есептік кезеңде "жартылай қамтамасыз етумен" санатындағы әрбір клирингілік қатысушы үшін осы Әдістеменің 25 тармағының 4) тармақшасына сәйкес анықталған ΔP_{\max} сценарийлерін іске асыру кезінде әлеуетті өтелмеген залалдардың орташа күндік сомасы мына формула бойынша есептеледі:

$$ULoss_{avg,k} = \frac{(ULoss_{T1,k} + ULoss_{T2,k} + \dots + ULoss_{Tf,k})}{T_F}$$

мұнда T_F – есептік кезеңдегі есеп айырысу күндерінің саны;

2) әрбір k клирингілік қатысушы үшін "жартылай қамтамасыз етумен" санатында кепілдік беру қорына максималды қосымша жарна сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$AddMGV_k = \begin{cases} 0, & \text{егер } ULoss_{avg,k} \leq GV_k \\ ULoss_{avg,k} - GV_k, & \text{егер } ULoss_{avg,k} > GV_k \end{cases}$$

мұнда

GV_k – "жартылай қамтамасыз етумен" санатындағы k -ші клирингілік қатысушының кепілдік жарнасының ағымдағы мөлшері;

3) барлық клирингілік қатысушылар бойынша кепілдік беру қорына максималды қосымша жарналардың жиынтық сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$AddMGV = AddMGV_{k1} + AddMGV_{k2} + \dots + AddMGV_{kn}$$

4) әрбір клирингілік қатысушы үшін "жартылай қамтамасыз етумен" санатында мынадай формула бойынша кепілдік қорына талап етілетін қосымша жарна сомасы анықталады:

$$AddGV_k = \begin{cases} \frac{AddMGV_k}{AddMGV} \times (w_{GF} \times ULoss_{N_{\max}} - GF), & \text{егер } (w_{GF} \times ULoss_{N_{\max}} - GF) \leq AddMGV \\ AddMGV_k, & \text{егер } (w_{GF} \times ULoss_{N_{\max}} - GF) > AddMGV \end{cases}$$

40. Клирингілік қатысушылардың белгілі бір биржалық нарықтың кепілдік қорына енгізуге талап етілетін қосымша жарналарының мөлшері Клиринг орталығы Басқармасының клирингілік қатысушылардың кредиттік тәуекелін ескере отырып, шешімі негізінде түзетілуі мүмкін.

41. Клиринг орталығының белгілі бір биржалық $market_j$ нарығындағы сақтық қорға қосымша жарнасының мөлшері мынадай формула бойынша анықталады:

$$AddGR_k = \begin{cases} (w_{RF} \times ULoss_{N_{\max}} - RF)_{market_j} \\ \min \left(\sum_{market_j} (w_{RF} \times ULoss_{N_{\max}} - RF)_{market_j}; NettoProfit \right) \end{cases}$$

мұнда

\min – жақшада көрсетілген мәндердің ең азын анықтайтын математикалық функция;

$NettoProfit$ – Клиринг орталығының есептік кезеңдегі таза пайдасы.

42. Кепілдік және (немесе) сақтық қорларға қосымша жарналарды ескере отырып, клирингілік қорлардың жеткіліктілігін анықтау мақсатында толықтыруға сомалардың есептік мәндерін ескеретін клирингілік қорлардың шығындарын жабу коэффициентін қайта есептеу жүзеге асырылады.

43. Клирингілік қорларға жоспарланған қосымша қаражатқа қарамастан, жекелеген биржалық нарықтағы клирингілік қорлардың шығындар коэффициенті 1 (бірден) кем шаманы құрайтын

жағдай сақталған кезде Клиринг орталығының Басқармасы Директорлар кеңесінің қарауына талап етілетін көрсеткішке қол жеткізуге бағытталған, бірақ Әдістеменің 7 тармағында көрсетілген шаралармен шектелмейтін шараларды қабылдау туралы ұсыныс енгізеді.

6 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

44. Әдістемеге өзгертулер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуіне Клиринг орталығының клирингілік бөлімшесі жауапты болады.
45. Әдістеме қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.

Басқарма төрағасы

И.М. Сабитов